

**Кылышова Алуа**  
Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ,  
Шетел тілдері факультетінің студенті

**А.Ш. Смаилова**  
Қазақ тілінің  
практикалық курсы кафедрасының  
аға оқытушысы, фил. ғыл. магистрі

## **Қазақ және ағылшын тілдеріндегі табу сөздерді үйретудегі тиімді әдістер**


Тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта елімізде тіл саясаты мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың тікелей басшылығымен салиқалы да сындарлы түрде жүзеге асырылуда. Елбасы жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларында тіл саясатына, оның ішінде қоғамдағы мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мәселесіне тоқталмай өткен емес. Ол «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлт аралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» - деген болатын.

Сондай-ақ Елбасы «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жолдауында «Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеруге тиіс»- деген болатын. Сондықтан мақаланы жазудағы басты мақсатымыз осы талаптарды ескере отырып, қазақ және ағылшын тілдеріндегі кейбір табу сөздерді «Оқыту мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы арқылы үйрету ұтымды әрі тиімді мүмкіншілік беретінін айтқымыз келеді.

Жалпы мифтік ескі наным бойынша атын тура айтуға тыйым салынған сөздер тіл білімінде *табу* деп аталады. Сонымен қатар табу сөздің түрлі наным-сенімдермен, салт-дәстүр, ырымдармен байланысы бар. Табиғаттағы сұрапыл күшті, жыртқыштарды атымен атау, оларды шақыру, бәлекет шақырумен тең деп біліп, оларды атымен атамаған. Адамға төнген ауыр, кеселді дерттерді атымен атау да табу болып табылады. Табу қазақ және ағылшын халықтарының этномәдениеті мен тілдерінен де тең орын тепкен ауқымды категория. Қазақ және ағылшын тілдерінің генетикалық байланысы болмаса да кейбір табу сөздерін сабақта үйретудің әдістерін ұсынбақшымыз. Жоғарыда айтылған бағдарламаны басшылыққа ала отырып, қазақ және ағылшын тілінің табу сөздерін меңгертуде үш деңгейден тұратын оқыту мен үйретудің тәсілдерін қолдануға болады.

**I. Қызығушылықты ояту** – бұл жаңа сабақты түсіндіру кезіндегі үйрету процесі. Оқушы жаңа ұғымдарды, түсініктерді өзінің бұрынғы білімін жаңа тақырыппен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да сабақта қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Ол үшін «Кластер», «Тірек сөздер», «Т кестесі», әдістерін пайдалануға болады. Ең алдымен, оқушыларға тақырыпты ашатын жаңа сөздерді төмендегідей «Кластер» арқылы берер едім. Оқушылар бұл кластер ішіндегі ағылшын тілінде берілген табу сөздерді қазақ тіліне аударып жазу керек.


*Translate taboo words given in the cluster. (Кластерде берілген табу сөздерді қазақ тіліне аударыңдар.)*




Бұл әдістің тиімді жері - оқушылар кластер ішіндегі түйінді сөздерді жаңа нақты ұғым ретінде пайдаланады және оқу материалының кластерге бөлінуі ойды ынталандырады.

Ал, «Тірек сөздер» стратегиясын жүзеге асыру үшін оқушыларды 2 топқа төмендегі карточкалар арқылы бөлемін. Бұл карточкаларда ағылшын және қазақ тіліндегі табу сөздер жазылған. Әрбір оқушы бір-бір карточка таңдап, сол арқылы 2 топқа бөлінеді.

*Choose a card with taboo words and divide into 2 group (taboo words in Kazakh/taboo words in English). (Әрбір оқушы карточка таңдап, екі топқа бөлініңдер.)*





*Then make up a definition to the word «taboo» using an offered words in the brackets. (Тірек сөздерді пайдалана отырып, табудың анықтамасын құрастыр.)*

(I-top: people, offensive, talk, shocking, something, don't, taboo; II-top: something, taboo, allowed, particular, isn't, religion), ал оқушылар сол тірек сөздерден табудың ағылшын тіліндегі анықтамасын құрастыру керек. Бұл әдісті іске асыру кезінде логикалық ойлау іске қосылады. Оқушының сөздік қоры, тілі, қиялы дамиды.

Келесі әдіс – Т кестесі. Бұл әдісте салыстыра отырып топтастыру процесі жүзеге асады. Яғни, оқушыларға ағылшын тілінде табу сөздер тізімін беремін (wild cat, the black man, deaf adder, cuffee, terminally ill, lobo, the prince of evil, the father of lies, honey eater, Lord, Big C), ал олар сол сөздерді тақырыпқа байланысты топтастыру қажет.

*I will give you taboo words and you must divide into two group.*

Religious taboos	The names of certain animals and insects

Бұл әдіс оқушылардың ойлау қабілетін, есте сақтау қабілетін дамытады. Т кестесін тақырыпты ашарда пайдаланса, жаңа материалды түсінуге дайындық болады деп ойлаймын.

**II. Мағынаны таныту** – жаңа сабақты бекіту процесі. Бұл кезеңде оқушы жаңа жаңалықпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, әр түрлі тапсырмалар орындайды. Мен бұл кезеңде оқушыларға INSERT немесе түртіп алу әдісін қолданар едім. Бұл әдісті жүзеге асыру үшін мен оқушыларға ағылшын тілінде табу туралы жазылған мәтін беремін.

Read the text in the box and put the signs (V, +, -, ?) in an appropriate column according to the previous text. (Мәтінді оқи отырып, төмендегі белгілерді қою арқылы мазмұнын түсіну).

The word taboo is borrowed from **Tongan**, a language spoken by Polynesians in the Pacific archipelago, where any sacred or humble things are forbidden to touch or even to talk about. “Taboo” does refer to this phenomenon, and means “holy” or “untouchable”. For a long time, English and American believe that avoiding linguistic taboo is the symbol of their civilization. They refuse to talk about certain objects or actions and refuse to use the language referring to them.

**Taboo Words** (sometimes known as swearwords, curse words, or profanity) are those words and phrases which some people find shocking or offensive. In English, taboo words generally fall into several categories.

- 1. Taboo Words to do with Religion:** «Lord», «the black man», «the father of lies», «the prince of evil», «By the holy sacrament, Heavens, Hell... » etc.
- 2. The names of certain animals and insects:** «black widow», «deaf adder», «bom», «moloch», «wild cat», «jumbo», «cuffee», «lobo», «mugger», «honey eater».
- 3. Taboo Words to do with disease and death.** Some serious diseases are also taboo topics. Cancer is said in a roundabout way as “Big C” or “terminally ill”. So is it with the disease of mental disorder and intelligence deficiency. Their euphemistic sayings may be “He is not all there.” “She is a little eccentric / a little confused.”
- 4. Taboo Words describing People.** A number of words which were originally used to describe individuals or groups without any pejorative meaning have become insults and taboo over time. These fall into several categories:  
 Ethnicity/Race/Nationality – *frog, kraut, coon, kike, wop, nigger, paki, etc*  
 Sexual Orientation – *poof, queer, etc*  
 Intelligence – *retard, etc*  
 Physical disabilities – *cripple, spastic, etc.*



V	+	-	?
I know	It is new for me	I don't know	It surprised

Оқушылар мәтінді оқу барысында V – “білемін”, — - “мен үшін түсініксіз”, + - “мен үшін жаңа ақпарат”, ? – “мені таң қалдырады” белгілерін қойып отырып мәтіннің мазмұнын түсінеді. Бұл әдіс оқығанын саналы түсінуге, өз ойын басшылыққа алуға, ойын білдіруге үйрететін ұтымды әдіс. Оқушылар білгендерін анықтап, білмейтіндерін сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білетіндерімен жаңа материалды байланыстыруға дағдыланады.

Сонымен қатар табу сөздерді оқытуда «Куббизм стратегиясы» - ойын арқылы оқытуды пайдалануға болады. Кубизм стратегиясында – кубик

жасалынып, оның 6 қырына 6 түрлі тапсырма жазылады. Мысалы, кубтің бір қырына сөз магиясына сену негізінде қалыптасқан сөздерді(wild cat-арыстан мен жолбарыс, mugger-қолтырауын, lobo-қасқыр, jumbo-піл) екінші қырына қатерлі аурулардың атауына (terminally ill, big C-оба) тыйым салынған сөздерді, үшінші қырына мифологияға байланысты қалыптасқан табу сөздерді (the black man-ібіліс,the father of lies, the prince of evil-шайтан), төртінші қырына улы жәндіктердің тыйым салынған атаулары (black widow-қара өрмекші,deaf adder-жылан), бесінші қырына өлімге байланысты табу сөздерді (pass away, answer the call of God-қайтыс болу), алтыншы қырына адамдарды суреттейтін табу сөздерді (nigger-негр, frog-бақа) атау.


*You should drop the block and answer to the question, which you get.(Кубикті лақтырып, қай қырындағы сұрақ түседі соған жауап бер).*




Кубикті лақтырғанда қай қыры түссе, оқушы сол қырындағы тапсырмаға жауап беруі тиіс. Жалпы «Куббизм стратегиясы» арқылы оқушылар тақырыпты талдайды, талқылайды, сол арқылы білімдерін қайталайды және жаңа білім қосады.

Келесі әдістің бірі – геометриялық фигуралар стратегиясы. Бұл стратегияның құралдары – геометриялық пішіндер. Мен бұл әдісті оқушының сөздік қорын, әдеби, мәдени сөйлеу тілін, күрделі ойлау қабілетін дамыту үшін қолданар едім. Мысалы, мен оқушыларға ағылшын және қазақ тілінде табу сөздер жазылған қиықшалар беремін, ал оқушылар сол қиықшалардағы сөздерді бір-бірімен сәйкестендіру қажет.

*I will give you cards and you must match these words and as a result you will get flower figure. Forexample:(Мен сендерген карточкалар таратмын сендер сол карточкаларды бір-бірімен сәйкестендіріп, төмендегідей гүл шығаруларын керек).*



**III. Ой-толғаныс** (рефлексия, жаңа білім құрастырылады) – Рефлексия – тұжырымға келу, қорытындылау, жаңа білімді бекіту. Бұл бағдарламаның қорытынды үшінші кезеңінде оқушылар үйренгенін саралап, салмақтап ой елегінен өткізеді, білімді бекітеді. Оқушылар осы кезеңде өз шығармашылықтарын көрсете алады. Өзіне және сыныптастарына сын көзбен қарайды. Өздерін бағалайды. Оқып, білгендерін таразылайды. Сондай-ақ жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни байланыстар құруға дағдыланады. Және оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл кезеңде мен мынадай стратегиялар қолданар едім. Соның бірі-«Венн диаграммасы». Бұл әдіс оқушыларға қазақ тілі мен ағылшын тіліндегі табу сөздерді, олардың айырмашылықтары мен ерекшеліктерін, ортақ белгілерін, түрлерін салыстыра отырып үйренуге көмектеседі.



Сонымен, тіл үйрету барысында осындай әдіс-тәсілдерді қолданылатын болса, тіл үйренушілердің қызығушылы оянып, талпынысы артатыны сөзсіз.

Тілді үйретудегі негізгі міндетіміз- сабақта бар шеберлігімізді аямай, тілді игеріп кетуге бар күшімізді салып, оқушыларға бағыт- бағдар беру. Әрі қарай жалғастыру, білімдерін жетілдіре түсу оқушылардың ізденімпаздығынан, білмегенді білуге деген құштарлығынан туатын жағдай.

**Пайдаланған әдебиеттер:**

- 1.Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы 2008 «Дайк Пресс»
- 2.Түркі тілдеріндегі табу мен эфемизмдер. Алматы «Ғылым» 1995
- 3.Macmillan Collocations Dictionary «Macmillan Publishers» 2010
- 4.Macmillan English Dictionary «Macmillan Publishers» 2010